

**Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2013 жылға арналған қаражатты бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 113 қаулысы

«2013 - 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2012 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2013 жылға арналған қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, Білім және ғылым министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды қамтамасыз етсін.

3. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың іске асырылу барысы туралы есептер берсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жартыжылдық қорытындылары бойынша, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

5. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

№

қосымша

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*С. Ахметов*

Р е с п у б л и к а с ы

1 1

қ а у л ы с ы н а

а қ п а н д а ғ ы

## Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2013 жылға арналған қаражатты бөлу

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 № 960 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.12.2013 № 1401 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

№	Іс-шаралар атауы	Жауапты мемлекеттік органдар	Сомма, мың теңге
1	2	3	4
5.1-мақсат. Мемлекеттік, қоғамдық және бизнес құрылымдардың қызметін үйлестіру арқылы азаматтардың денсаулығын қалыптастыру, сақтау және нығайту			
1	Жұмысшылардың зиянды еңбек жағдайлардағы ең жоғары жұмыс уақытының ұзақтығын анықтау жөніндегі зерттеу жүргізу	Еңбекмині	11 392
2	Кәсіптік аурулар бойынша қауіп топтарын ерте анықтау әдістемесін әзірлеу және енгізу	Еңбекмині	8 361
5.1.1-мақсат. Профилактикаға және мінез-құлықтық тәуекел факторларын бақылауды күшейтуге жүйелі және кешенді тәсіл арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру			
1	Телерадиохабарларын тарату арналарында көрнекті қоғам қайраткерлерін қатыстыра отырып, темекі шегуді, алкогольді шектен тыс тұтынуды және есірткіні тұтынудың профилактикасы және емдеу бойынша ақпараттық-насихаттық баспа басылымдарын әзірлеу мен басып шығару және науқандар мен жобалар өткізу	СДША	88 125
2	Спортты және салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде әлеуметтік бейнероликтер жасау	СДША	8 400
3	Бұқаралық спорт түрлері бойынша жыл сайынғы салалық спартакиадалар ұйымдастыру және өткізу	СДША	29 756
4	Денсаулық сақтау саласын дамыту мәселелеріне арналған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік телевизиялық бағдарламасын республикалық деңгейде жасау	МAM	7 144
5.1.2-мақсат. Халықтың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету және тамақтануға байланысты аурулардың профилактикасы			
1	Халықтың дұрыс тамақтану дағдыларын және тамақ өнімдері қауіпсіздігін қалыптастыру	ДСМ	213 700
2	Дұрыс тамақтану мәселелері бойынша ақпараттық-насихаттау науқанын жүргізу	ДСМ	11 028
3	Дұрыс тамақтану мәселелері бойынша бейне және аудиороликтер шығару	МAM	750

5.1.3-мақсат. Балалар мен жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын қалыптастыру

1	Мектеп жасындағы балалардың арасында тірек-қимыл аппараты ауруларының профилактикасы бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу, оның ішінде Қарағанды облысының облыстық бюджетіне, Астана қаласының қалалық бюджетіне ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша*	БҒМ	50 000
			оның ішінде:
		Қарағанды облысының әкімдігі	39 470
		Астана қаласының әкімдігі	10 530

5.1.4-мақсат. Жол-көлік жарақаттанушылығын және одан болған өлім-жітімді төмендету

1	Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша әлеуметтік роликтер жасау және орталық, республикалық телеарналарда олардың прокатын қамтамасыз ету	ПМ	21 300
2	Жол қозғалысы қауіпсіздігінің өзекті мәселелері бойынша республикалық телеарнада мамандандырылған бағдарлама жасау	ПМ	12 200

5.1.5-мақсат. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендер арасындағы қайтымсыз шығындарды азайту

1	Санитариялық тікұшақтар сатып алу және оларды пайдалануды қамтамасыз ету	ТЖМ	8 401 825
2	Шұғыл медициналық-құтқару көмегін көрсету бойынша трассалық пункттерін, оның ішінде Батыс Еуропа - Батыс Қытай трассасында құру	ТЖМ	1 182 974
3	Апаттар медицинасы қызметін көп бейінді ұтқыр госпитальмен жабдықтау	ТЖМ	2 674 200
4	Трассада шұғыл медициналық-құтқару көмегін көрсету пункттерінің жұмыс істеуі	ТЖМ	328 319

5.1.6-мақсат. Пенитенциарлық жүйеде туберкулезбен және АИТВ/ЖИТС-пен сырқаттанушылық пен өлім-жітімі деңгейін төмендету

1	Туберкулезбен, АИТВ/ЖИТС-пен және басқа аурулармен ауыратындарға медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында қылмыстық-атқару жүйесі емдеу-профилактикалық мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталуын нығайту**	ПМ	807 214
2	Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған, оның ішінде бас бостандығынан айырылған адамдар арасында туберкулез, АИТВ/ЖИТС мәселелері жөніндегі ақпараттық материалдарды басып шығару және тарату	ПМ	3 616
3	АИТВ/ЖИТС мәселелері бойынша жұмыс істейтін ҮЕҰ әлеуетін арттыру, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту	ДСМ	5 850

4	Қамау орындарында АИТВ инфекциясының профилактикасы бағдарламасын іске асыру және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету бағдарламаларын енгізу. Бас бостандығынан айыру орындарында АИТВ/ЖИТС-пен күрес үшін ҮЕҰ әлеуетін дамыту ***	ДСМ	36 426
			оның ішінде:
		Ақмола облысы	2 148
		Ақтөбе облысы	2 351
		Алматы облысы	2 264
		Атырау облысы	403
		Шығыс Қазақстан облысы	5 702
		Жамбыл облысы	2 958
		Батыс Қазақстан облысы	1 269
		Қарағанды облысы	6 272
		Қостанай облысы	3 015
		Қызылорда облысы	484
		Маңғыстау облысы	1 568
		Павлодар облысы	2 053
		Солтүстік Қазақстан облысы	1 889
		Оңтүстік Қазақстан облысы	2 382
Алматы қаласы	842		
Астана қаласы	826		
Барлығы	13 902 580		

### Е с к е р т п е :

\* Мектеп жасындағы балалардың арасында тірек-қимыл аппараты ауруларының профилактикасы бойынша іс-шараларды өткізуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті уәкілетті білім беру органдары жүзеге асырады.

\*\* Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің емдеу-профилактикалық мекемелеріне арналған медициналық техника, медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен келісіледі. Қылмыстық-атқару жүйесінің емдеу-профилактикалық мекемелеріне арналған медициналық техниканы, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу Қазақстан Республикасының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

\*\*\* Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдар мен одан босатылған адамдар арасында АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шараларды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті уәкілетті денсаулық сақтау органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

СДША - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

м и н и с т р л і г і

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК